



**Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары антының мәтінін бекіту туралы" Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 22 қараша N 1237

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары антының мәтінін бекіту туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Жоба**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ  
ЖАРЛЫҒЫ Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары антының мәтінін бекіту туралы**

"Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары антының мәтіні бекітілсін.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 2

ж ы л ғ ы

" \_ \_ " \_ \_ \_ \_ \_ \_ \_ \_

N \_ \_ \_

Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының  
АНТЫ**

Мен, Қазақстан Республикасының азаматы \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты)

қаржы полициясы органдарына қызметке кіре отырып:

Қазақстан Республикасының халқы мен Президентіне адал болуға;  
Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын қатаң сақтауға,  
өзімнің барлық іс-қимылымда заңдылық және әділдік қағидаттарын ұстануға;  
маған жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен әрі кәсіби түрде орындауға, қаржы  
полициясы органдары қызметкері жоғары атағын қастерлеуге;  
азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғау және елдің  
экономикалық қауіпсіздігін нығайту үшін күшімді аямауға, қажет болса өмірімді қиюға  
;

мемлекеттік және қызметтік құпияны қатаң сақтауға салтанатты түрде ант етемін.

Егер мен өзімнің осы салтанатты антымды бұзсам, онда мен Қазақстан  
Республикасының заңдары бойынша қатаң жазаға тартылайын.

200\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_  
(қолы)